

УДК 616.31 - 089

ЖОҒАРҒЫ ЕРІННІҢ ЖӘНЕ ТАҢДАЙДЫҢ ТУА БІТКЕН КЕМІСТІГІНІҢ ХИРУРГИЯЛЫҚ ЕМІ**А. Қ. Боленбаев****Семей қ. ММУ МО жақ-бет бөлімі****Резюме****Хирургическое лечение врожденных дефектов верхней губы и неба**

В этой работе представлен хирургический метод лечения губы и неба, улучшающий речь и косметический вид лица больных.

Summary**Surgical method of treatment a labial and palate**

In this work presented surgical method of treatment a labial and palate improving patients cosmetically vein and speech.

Жоғарғы еріннің және таңдайдың туа біткен кемістіктері әлемдегі кемістіктер арасындағы 2 орында және анатомиялық және қызмет бұзылыстарында жүретін, беттің даму кемістігінің ауыр түрлеріне жатады. Бүкіл дүние жүзілік денсаулық сақтау мәліметтері бойынша жоғарғы еріннің және таңдайдың туа біткен кемістігіні 1000 нәрестеден 0,6-1,6 кездеседі. Жоғарғы ерін және ерінде балаларда анатомиялық және қызметтік бұзылыстар баланың тек дамуын тежеумен қатар, психикалық жағдайына әсер етеді, көбіне олар түйық және өзін кем сезінеді.

Жоғарғы еріннің және таңдайдың туа біткен кемістіктерін емдеу қалпына келтіру хирургиясының күрделі бөлімі. Операция ақауды косметикалық жою және бет қалпын келтірумен ғана шектелмейді. Әсіресе соңғы жылдары анатомиялық құрылымдарды толық қалпына келтірумен қатар бет кемістігінің ары қарай дамуына әсер етуіне байланысты хирургиялық ем шаралардың жарақаттауы аз болуы тиіс.

Бұл мәселенің өзекті болуы тек осы патологиямен, балалардың санының артуымен бірге хирургиялық емдеу тәсілдердің таңдауда қиындықтары бар. Дәстүрлі емдеу тәсілдердің толық жетілмеуі және хирургиялық қалпына келтіру тәсілін дұрыс таңдалып және жас мөлшеріне қарай таңдамау операциядағы кейінгі қызметтік және косметикалық бұзылыстарға әкелуі.



9 айдан кейін екінші кезең уранопластика операциясы Фролова Л.Е әдісімен жүргізіледі. Таңдай пластикасы жергілікті тіндер арқылы таңдай пластинкасы шырышты сүйек қабықшасы қиындыларын жылжыту арқылы жүргізіледі. Ақау аймағына тілік жасалынып, жаңғы бөліктеріне де қосымша тіліктер жасалынады. Шырышты қабықты маңындағы тіндерден ажыратып ақау аймағына жақындатып тігіс салынады. Остеотомия жүргізілмейді. Уранопластика операциясының негізгі қағидалары таңдайдағы ақауды ұзына бойына жабу. (фиссурорафия). Жұмсақ таңдайды ұзарту (Ретротраспозиция). Жұтқыншақтың ортанғы бөлігін кішірейту (мазофарингоконструкция).

Бірінші хирургиялық коррекцияда баланың сөйлеу және есту қабілетіне, жоғарғы жақтың және беттің ортанғы бөлігінің дамуына әсер етумен байланысты, операция жүргізу мерзімі туралы таластар көп. Хейлопластиканы 6-8 ай аралығында жасауды В.И. Знаменский (1981ж), А.П. Агроский (1985ж); Ю.И. Бернадский (1999ж); Т.К. Супиев (1995ж) т.б авторлар ұсынады. Авторлардың ой бойынша осы айлар аралығында мұрын және жоғарғы еріннің анатомиялық пішіні айқындалады осыған байланысты хирургиялық коррекцияны жүргізу жеңілдейді. Басқа жақ-бет хирургтары Н.Н. Колпанов (1991ж), В.В. Рогинский (1987ж) және т.б. баланың жалпы жағдайын ақаудың түріне байланысты хейлопластиканы 4 айдан 6 ай аралығында жүргізуді ұсынады. Қазіргі уақытта хейлопластиканың 60 тәсілі бар. Негізгі және тиімді тәсілі хейлопластиканың қиынды тәсілі.

Семей қаласы ММУ жақ-бет бөлімінде Лимберг-Обухова тәсілі арқылы жүргізіледі. Ерін және қатты жұмсақ таңдай кемістіктерінің бірінші кезеңі веллопластика жұмсақ таңдай және хейлопластика 6 айында жасалады.

Бұл косметикалық және қызметтік нәтежиелерге таңдай – жұтыншақ сақинасын жетілдірумен қатар, қатты таңдайдағы ақаудың енін тарылтады, сөйлеу қабілетінің дамуына және қалыптасуына әсерін тигізеді.

**Әдебиеттер:**

1. Рогинский В.В., Безруков В.М., Иппрлитов В.П. Врожденные пороки черепно-лицевой области и шеи // Руководство по хирургической стоматологии и челюстно-лицевой хирургии –М.,2000.Т.2.-С.7-93.
2. Руководство по хирургической стоматологии челюстно-лицевой хирургии /Под ред. В.М. Безрукова и Т.М. Робустовой. –М.,2000.-Т.1-722с.-Т.2-488с.
3. Семенченко Г.И., Вакуленко В.И. врожденные незаращения верхней губы и неба. –Киев, «здоровья», 1968.-228с.
4. Тимофеев А.А. Руководство по челюстно-лицевой хирургии и хирургической стоматологии. Киев -2002.